

## Алтай ауданы Соловьево ауылдық округінің Соловьево, Маяк, Ново-Крестьянка ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Соловьево ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 7930 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 – бабының 2 – тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 – бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Соловьево, Маяк, Ново-Крестьянка ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып Соловьево ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:

1. Алтай ауданы Соловьево ауылдық округінің елді мекендерінде кулесі көшелер қайта аталсын:

1) Соловьево ауылының Пролетарская көшесі Антон Сулима- Грудзинский көшесіне;

2) Маяк ауылының Советская көшесі Иван Кобелев көшесіне;

3) Ново-Крестьянка ауылының Киров көшесі Мамотай Аниев көшесіне.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Соловьево ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімін Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Алтай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін Алтай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК